

«Ақтөбе облыстық арнайы «мектеп- интернат- колледж» кешені» КММ – нің
Қамқоршылық кеңесінің отырысы

Хаттама №1

29.09.2023ж

Қатысқандар:

Шакенова Гулсим Қуанышқызы - Ақтөбе облыстық арнайы «мектеп- интернат- колледж» кешені» КММ директоры

Габитова Венера Султанбековна- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Жанбаева Асел Жумағалиевна– ата-ана

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

1. Рыспаева Мадина Кахрамановна - ата ана

2. Биржанова Гульвира Собетовна – «Қазақ саңыраулар қоғамы мәдениет Үйі»
КММ –нің басшысы

3. Акимов Сырлыбай Кубайдуллаевич – ата-ана, зейнеткер

4. Нургалиева Ляззат Утегенқызы – ата-ана

Күн тәртібінде:

1. Мекемедегі күрделі жөндеу жұмыстары. Директор Г.Шакенова
2. 2023 – 2024 оқу жылын ұйымдастыру.

Тыңдалды:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары В. Габитова күн тәртібімен таныстырып өтті.

Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша мекеме директоры Г. Шакенова сөз алды:

Мекемедегі күрделі жөндеу жұмыстары жүруіне байланысты ата аналарды объектінің паспортымен таныстырып өтті.

- Жөндеу жұмыстары кеш басталу себебі, смета, экспертизадан өтуі уақыт алды. 2023 жылдың 02 мамырында 261 067 015 421 ерекшелігі бойынша мекеме ғимаратының шатыры мен жылу құбырларына күрделі жөндеу өткізу шығындарына 251 460 мың теңге қаражат бөлінді. 2023 жылдың 02 мамыр күні 498 бұйрығымен Мемлекеттік сатып алу жылдық жоспарына өзгерту енгізіліп, біріңғай ұйымдастырушы «Ақтөбе облысының мемлекеттік сатып алулар

басқармасы» мемлекеттік мекемесіне 04 мамыр күні конкурс өткізуге 2 өтінім жіберілді. Бірі күрделі жөндеу жұмысы, екіншісі техникалық қадағалау жұмысы. Күрделі жөндеу жұмысы бойынша 04.05 жіберілген өтінім қаралып, 15.05 күні сатып алуға шығарылды. 15.05.2023-22.05.2023 аралығында конкурс құжаттамасының талқылау процесі өткізіліп, конкурса қатысу бойынша өтінімдер қабылдау 23.05.2023 күні жарияланды. Жеңімпаз белгіленген соң сол күні келісімшарт жіберілді.

Техникалық қадағалау бойынша 04 мамыр күні жіберілген өтінім, 10 мамыр күні «Ақтөбе облысының мемлекеттік сатып алулар басқармасы» мемлекеттік мекемесімен келісілді. 10.05-17.05 аралығында құжаттамасын талқылау процесі өткізілді, 18 мамыр күні өтінімдер қабылдау процесі басталды. Өтінім қабылдау соңғы күні 02.06.2023. Өтінім берушілердің құжаттарының толық еместігіне байланысты 12 маусым мен 20 маусым аралығында қосымша өтінім беруге уақыт берілді. 20 маусым күні конкурс нәтиже хаттамасына қол қойылды. Сол күні өтінім берушілерден шағым түсіп, келісімшартқа отыру тоқтатылды. Тексеру уақыты 28 шілде аяқталып, келісімшарт жолданды, 1 тамыз күні екі жақтан қол қойылды.

Жұмыс барысында ғимараттың 3 қабатына жауын суларының өтуі салдарынан, жөндеуді қажет ететін ішкі бөлімдерде бар, бұл жұмыстарды қайта бұліну қаупі болғандықтан, шатырды толық жаппайынша бастау тиімсіз деп танылды.

Күн тәртібіндегі 2 мәселе бойынша мекеме директоры Г. Шакенова:

- Ақтөбе облысы білім басқармасының басшысына хат жолданды. Хатта жөндеу жұмысы мәселесі толық жеткізілді.

Мемлекеттік сараптамада көрсетілгендей жөндеу жұмысының уақыты 4 ай болғандықтан, келісімшарттағы жұмыстың аяқталу уақыты желтоқсан айының басында ғана деп көрсетілген. Сонымен қатар, ҚР денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамызындағы №ҚР ДСМ – 76 бұйрығының 57 тармағына сәйкес, күрделі жөндеу өткізіліп жатқан кезде объектіде жұмыс істеуге тыйым салынған. Білім алушыларды ғимаратқа кіргізу балалардың өміріне қауіп төндіретіні туралы ескере отырып, қашықтықтан оқытуға келісім беруі сұралды.

Хатқа келген жауапта ата – аналар немесе заңды өкілдерінің өтініші бойынша қамқоршылық кеңестің шешімімен мекеме басшысы заң аясында жұмыстануы қажет екендігі айтылған. Осыған байланысты оқушылардың қазан айына дейін қашықтықта оқуына қарсылықтарыңыз жоқпа, қандай ойларыңыз, ұсыныстарыңыз бар?

Акимов Сырлыбай Кубайдуллаевич – ата-ана, зейнеткер

- Ең басты мәселе балалардың қауіпсіздігін сақтау болғандықтан, сонымен қатар, жөндеу жұмыстарының сапалы аяқталуы үшін бір ай жеткіліксіз деп ойлаймын. Ең болмаса бір тоқсан балалар қашықтықтан оқысын. Қазір ауа – райы да құбылмалы.

Жаңбырлы күндері жөндеу жұмысы тоқтап қалуы да мүмкін. Сондықтан бір тоқсан оқушылар қашықтықтан оқысын.

Жанбаева Асел Жумағалиевна – ата-ана

- Жұмысшыларға әр жөндеу жұмыстарына белгілі бір мерзім берілуі керек шығар. Төбені жөндеуді белгілі бір мерзімге, мектептің ішіндегі кабинеттерді жөндеуге бір мерзім белгілеу керек шығар деп ойлаймын.

Акимов Сырлыбай Кубайдуллаевич – ата-ана, зейнеткер

-Жөндеу жұмыстары желтоқсан айына дейін аяқтауға міндеттелген. Сондықтан асықтырмау керек. Жұмысшылар жұмыстарын сапалы аяқтау үшін бір тоқсан күту керек. Бұған ата- аналар келіседі деп ойлаймын. Жөндеу аяқталғанша балалар үйден қашықтықта білім ала тұрсын.

Рыспаева Мадина Кахрамановна - ата ана

- Балалар қандай форматта оқиды? Мектепке бір рет толық, сапалы жөндеу жұмысы жүргізіп алу керек деп ойлаймын. Бұған ешкім қарсы болмайды деп ойлаймын.

Шакенова Гулсем Қуанышқызы - Ақтөбе облыстық арнайы «мектеп-интернат- колледж» кешені» КММ директоры

- Қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарда оқу процесін ұйымдастыруда оқушыға ыңғайлы формат таңдалады. ЗУМ мен немесе Watsap желісі арқылы ұйымдастырылады.

Акимов Сырлыбай Кубайдуллаевич – ата-ана, зейнеткер

- Менде тағы бір қосымша ұсыныс бар. Егер қаражат ауысса кір жуу бөлмесіне жөндеу жүргізілсе деп ойлаймын.

Шакенова Гулсем Қуанышқызы

- Кір жуатын бөлмені жөндеу жұмысы мәселесіне байланысты бөлек құжаттар дайындалып жатыр. Алдағы уақытта бұл мәселені де жөнге келтіреміз деп ойлаймын.

Жөндеу жұмыстары аяқталғанша оқушылардың қашықтықтан оқуына қарсы болмасаңыздар, шешім қабылдайық. Бүгін ЗУМ платформасымен жалпы ата –ана жиналысын өткіземіз. Жалпы мәселемен ата –аналарды педагогтарымыз таныстырып жатыр. Ата-аналар тарапынан қашықтықтан оқуға қарсылығы жоқ екендігі туралы арыз алынып жатыр.

(Қамқоршылық кеңес мүшелері бірауыздан оқушылардың қашықтықтан оқуына келісім беріп қолдады)

Шешімі:

1. 2023-2024 оқу жылындағы мектептегі жөндеу жұмысы аяқталғанша оқушылар қашықтықтан оқытылсын.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

1. Рыспаева Мадина Кахрамановна - ата ана



2. Биржанова Гульвира Собетовна – «Қазақ саңыраулар қоғамы мәдениет Үйі» КММ –нің басшысы

3. Акимов Сырлыбай Кубайдуллаевич – ата-ана, зейнеткер



4. Нурғалиева Ляззат Утегенқызы – ата-ана

5. Жанбаева Асел Жумағалиевна – ата-ана





